

« Бекітілді »

«Мұғалжар аудандық
білім бөлімі» ММ Әдістемелік
кабинет Әдіскері

Г.К. Нұрмағанбетова
09 09 2024 ж.

Келісілді:

Мектеп директоры:

А.А.Жакасов

09 09 2024 ж.

Қаралды:

Әдістемелік бірлестік отырысында

Хаттама №1

Н.Т.Джанзакова

09 09 2024 ж.

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі Б.И.Мухамбедиярованың 1-сыныпқа арналған
«Ұлттық ойын» бағдарламасының
жоспары

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2019-2020оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты,жалпы білім беретін пәндердің,бастауыш сыныпқа арналған факультативтердің үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып « Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар» бағдарламасы жасалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә.Назарбаев бағдарламалық құжаттың «*XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы*»1бөлімінде тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті.

Соның ішінде «Ұлттық бірегейлікті сақтау-ұлттық мәдениетті,ұлы мұраларды сақтау;

пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының «Оқыту мақсаттарының жүйесі» атты 3-тарауы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын қамтиды.Орта білім берудің құндылықтары :қазақстандық патриотизм,азаматтық жауапкершілік,құрмет,еңбек және өмір бойы білім алу;

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтары 2016 жылы 1 қыркүйектен бастап 1 сыныптардың білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларына енгізілсе,2017 жылы 2сыныптарға ал, 2018-2019 оқу жылы 3-сыныптардың, 2019- 2020 оқу жылында 4-сыныпқа жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына енгізілді.

Осы бағдарламаның негізінде құрылып отырған аса құнды мұраларымыздың бірі –«Құндылықтың бірі -ұлттық ойындар» бағдарламасы.

Адам өмірінде ойындардың алатын орны ерекше. «Бала ойынмен өседі» деген сөз жайдан –жай айтыла салмаған.Адамның өсіп жетілуі үшін,тұрмыс-тіршілікте қажетті дағдыларды меңгеруде қимыл-қозғалыс ойындары үлкен маңызға ие болады.

Халқымыздың тарихи –мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсысы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған.Сондай ас құнды мәдени игіліктердің бірі-ұлттық ойындар болып табылады.

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен ,дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.Ұлттық ойын-баланың дамып жетілуіне,адамгершілік қасиеттерінің артуына,психикасына да тигізетін әсері мол.Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын,жерін,даму сатысын,әдет-ғұрпын,қонақ жайлылығын айқындап көруге болады.Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке,достыққа,сыйластыққа,кішіпейілдікке тәрбиелей отырып,яғни,адамгершілік қасиеттері де қалыптасады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы,баланы осы кезден бастап тәртіпке,жинақылыққа,әділдікке баулиды,адал,қайратты,қайырымды,өжет болуға тәрбиелейді. Жалпы,қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса,ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениетті болғанын айқындайды. Ата бабаларымыз ұлттық ойындар арқылыұрпақтың береке-бірлігімен ынтымағын жарастырып отырған.

Бұл курс бағдарламасы дене шынықтыру пәнінің ұзақ мерзімді жоспарының бөлімдері мен оқу мақсаттарына сүйене отырып құрылды.

Бұл курс бағдарламасы бастауыштың 1-4 сыныптарына арналған. Әр сыныпта аптасына 1-сыныпта – 33 сағат, 2-4сыныптарға- 34 сағатты құрайды.

Білім негізі бастауышта берілетіні анық. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімі бағдарлама көлемінде ғана білім беріп қоймай,баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі керек.

Мақсаты:- Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын,жерін,даму сатысын,әдет-ғұрпын көрсету; қимыл-қозғалыс ойындарында танымдық іс-әрекет пен қабілеттерін ояту;

-Оқушыларды әділдікке,адамгершілікке,шыдамдылыққа,достыққа тәрбиелеу,батылдыққа;

- Патриоттық сезімге баули отырып, ұлтжандылыққа баулу;

Бұл бағдарламада төмендегідей бөлімдер қарастырылған:

№	Бөлім атауы	Теориялық мазмұны
1	<i>Жеңіл атлетикадағы қозғалыс белсенділігі</i>	Денсаулық туралы негізгі түсініктер беріліп, ойын түрлері арқылы қыздырыну, қалпына келтіру техникасы орындалады;
2	<i>Қозғалыс және спорт ойындар</i>	Командалық ойындардағы көшбасшылық дағдыларды қолдану, физикалық дамуға арналған әрекеттерін көрсету;
3	<i>Қазақ ұлттық және қозғалыс ойындар.</i>	Қазақтың ұлттық ойындарына баули отырып, жарыс кезіндегі патриоттық сезімдерін, шығармашылық қабілеттерін көрсету;
4	<i>Денсаулық және физикалық белсенділік.</i>	Салауатты өмір салты үшін дене белсенділігінің маңыздылығын түсіну, қозғалыс кезінде сыни ойлау ерекшеліктерін қолдану;
5	<i>Ойлауды дамытуға арналған командалық ойындар</i>	Топтағы шығармашылық дамытуға бағытталған ойындар арқылы әртүрлі жағдайларда өздерінің шығармашылық қабілетін көрсете білу;
6	<i>Ойын арқылы танымдық қабілеті мен сахналық дағдыларды дамыту.</i>	Сахналық ойын баланың өзіне берілген образды көрсете, жеткізе білу деген шығармашылық дербестігін дамытады;
7	<i>Жеңіл атлетика арқылы салауатты өмір салтын дамыту</i>	Жарыс элементтері бар ойындар ойындар кезінде салауатты өмір салтын қалыптастыру, қозғалыс әрекеттерінің қажеттеліктерінің түсіндіру;

Жаңашылдығы: Ұлттық ойындардың шығу тарихын, әйгілі спорт шеберлерінің өмір жолын танып білуге, өз бетімен ізденуге талпынады;

Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

1 сынып

Аптасына 1 сағ., жылына 33 сағ.

Бөлімі	Сабақтың тақырыбы	Тақырыптың мазмұны	Оқу мақсаттары	Сабақтың түрі	Сағат саны	Мерзімі
1-бөлім – Жеңіл атлетикадағы қозғалыс белсенділігі	Кіріспе. Қауіпсіздік ережесі	Денсаулық туралы негізгі түсініктер.	3.1.6.1 - оқытудың әр түрлі кезеңдерінде қауіпсіздік ережесінің дағдылары мен қабілеттерін тану.		1	05.09.
	«Тышқан мен мысық» ойыны	Дене жаттығуларын орындау арқылы қыздырыну және қалпына келтіру техникасы.	3.3.2.1 - қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету. 3.3.3.1 - қозғалыс әрекеттерін орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістердің себептері жайлы пікірлесу. 3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету	Ойын сабақ	1	12.09
	«Ақсерек көксерек» ойыны			Ойын сабақ	1	19.09
	«Ұйқыдағы аю» ойыны			Ойын сабақ	1	26.09
2-бөлім – Қозғалыс және спорт ойындар	«Сиқырлы таяқ» ойыны	Командалық ойындардағы көшбасшылық	3.2.8.1 - қозғалыс белсенділігіндегі рольдерді анықтау және көрсету. 3.2.2.1 командалық жұмыстағы көшбасшылық дағдыларды қолдану.	Ойын сабақ	2	03.10. 10.10
	«Көтермек» ойыны	Бірлескен ойындағы тактика және стратегия	3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету. 3.2.1.1 қозғалысқа байланысты стратегия мен тактиканы дамыту		1	17.10
	Күш сынаспақ	Ойындағы қозғалыс тартыс	3.2.3.1 - дене жаттығуларын орындау кезіндегі бірлескен жұмысты дамыту		1	24.10
	«Оқтау			Ойын сабақ	1	31.10

3-бөлім – Қазақ ұлттық және қозғалыс ойындар.	<i>тартыс» ойыны</i>	Қазақтың ұлттық ойындарына баулу.	3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі патриотизм көрінісін көрсету және дамыту.	Ойын сабақ	2	
	<i>«Соқыр теке» ойыны</i>			Ойын сабақ	1	05.12.20
	<i>«Ұшты-ұшты» ойыны</i>			Жаңа білім беру	1	12.12
	<i>«Ақсүйек» ойыны</i>			Ойын сабақ	2	19.12 26.12
	<i>«Ханталапай» ойыны</i>			Ойын сабақ	1	16.01.21
	<i>«Түлкі мен балапандар» ойыны</i>					
4-бөлім – Денсаулық және физикалық белсенділік.	<i>«Тасымақ» ойыны</i>	Қазақтың ұлттық ойындарына баулу.	3.3.1.1 - салауатты өмір салты үшін дене белсенділігінің маңыздылығын талқылау.	Ойын сабақ	1	23.01
	<i>«Шертпек» ойыны</i>	БІнтымақтастық және әділ ойын.	3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі патриотизм көрінісін көрсету және дамыту.		1	30.01
	<i>«Арқан тартыс» ойыны</i>				1	06.02.21

5-бөлім – Ойлауды дамытуға арналған командалық ойындар.	«Тоғызқұмалақ» ойыны	Көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған ойындар.	3.1.4.1 - өзінің және басқалардың қозғалыс әрекеттерін талдау. 3.2.6.1 - -- әр түрлі жағдайлардағы өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсету .	Жаңа білім беру	3	20.02 27.02 06.03
				Ойын сабақ		
					1	13.03
				Жаңа білім беру	2	03.04.21 10.04
				Ойын сабақ		
6-бөлім – Ойын арқылы танымдық қабілеті мен сахналық дағдыларды дамыту.	«Сақина тастау» «Бестас» ойыны	Топтағы Жарыс элементтері бар ойындар.	3.3.5.1 - қозғалыс белсенділігі үрдісінде сыни ойлау және қалыпқа келтіруді көрсету 3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету. 3.1.5.1 - кеңістікте қозғалыс әрекеттерін орындау және анықтау. 3.1.4.1 - өзінің және басқалардың қозғалыс әрекеттерін талдау 3.2.5.1 қозғалыс белсенділігі үрдісінде сыни ойлау ерекшеліктерін қолдану		1	24.04
				Ойын сабақ	1	01.05.21
					2	08.05 12.05
	«Дауыста, атыңды айтам» ойыны	«Қуыр-қуыр, қуыр маш» ойыны	3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі патриотизм көрінісін көрсету және дамыту. 3.3.5.1 - мектептен тыс және мектептегі қозғалыс әрекеттерінің қажеттілігін түсіндіру. 3.2.5.1 қозғалыс белсенділігі үрдісінде сыни ойлау ерекшеліктерін қолдану.	Ойын сабақ	1	15.05
				Ойын сабақ	1	22.05
7-бөлім – Жеңіл атлетика арқылы салауатты өмір салтын дамыту	«Орын тап» ойыны	Салауатты өмір салтын қалыптастыру.			1	22.05
	«Айдап сал» ойыны					
	Қорытынды сабақ.					

